

**ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК
ФАРМАЦЕВТИКА АКАДЕМИЯСЫ**

**“ЖҰҚПАЛЫ АУРУЛАР ЖӘНЕ
ДЕРМАТОВЕНЕРОЛОГИЯ” кафедрасы**

***Тақырып: Қазақстандағы инфекциялық ғылымның
қалыптасу тарихы***

Орындаған: Айтжанова М.Н.

Тобы: 306 ҚДС

Қабылдаған: Нұрбекова Г.А

Шымкент 2015 ж

ЖОСПАР

I. Кіріспе

II. Негізгі бөлім

- *Қазақстанда жұқпалы аурулардың дамыған кезі*
- *Жұқпалы ауруларды зерттеуде қазақ ғалымдарының қосқан үлесі*
- *Қазақстандағы санитарлық-эпидемиологиялық қызмет*

III. Қорытынды

IV. Пайдаланылған әдебиеттер

Жұқпалы аурулар жөніндегі ілімнің Қазақстанда дамыған кезеңі ХІХ-ХХ ғасырдың соңы болып табылады. Ұлы ғалымдар осы дәуірде бір қатар жұқпалы аурулардың қоздырғыштарын бөліп алған. Кейінгі жылдары ғылыми микробиологияның даму нәтижесінде жұқпалы аурулар жеке пән болып қалыптасып осы дерттердің қоздырғыштарын, эпидемиологиясын, патогенезін, патологиялық анатомиясын, ағым белгілерін, анықталуын, емделуін және алдын алу жолдарын ғылыми тұрғындар зерттеулерге жол ашты.



Қазіргі заманда барлық елдерде, соның ішінде Қазақстанда да, жалпы халықтың аурушылдығында жұқпалы патологияның орны ерекше, орта есеппен барлық аурулардың 70% негізгі инфекцияларға байланысты.


XX ғасырда Қазақстанда зооноздардың мәселесі күрделене түсті: бруцеллез, листериоз, иерсиниоз, пастереллез және т. б.

Табиғи ошақты және аса қауіпті инфекцияларда көбейе түсті: оба, түйнеме, туляремия, тырысқақ, гемморрагиялық қызбалар.

Инфекциялық ауруларды зерттеп анықтауда қазақ ғалымдары да көптеген қызмет атқарды.

15 ғасырда жазылған Ө. Тілеуқабылұлының “Шипагерлік баян” атты еңбегінің қолжазбасында дерттің

пайда болуын адам денесіне құрттардың (көзге көрінетін және көрінбейтін) енуімен түсіндірген. 19 ғасырда бактериология, микробиология және иммунология ғылымдарының дамуы Жұқпалы ауруларды толық зерттеуге мүмкіндік берді.



XX ғасырдың бас кезінде медицина саласында да қазақ ғалымдары шыға бастады. Жұқпалы аурулардың таралып, өз отандастарының өлім-жітімге ұшырауы қазақ дәрігерлерін бейжай қалдырған жоқ. Олар өз халқының денсаулығын сақтауға барынша аянбай еңбек етті. Қазақтың алғашқы дәрігері, ғылым қайраткерлерінің қатарында Мұхамеджан Қарабаев (1858—1928), Халел Досмұхамедов (1883-1937), ағайынды Асылбек және Мұсылманбек Сейітовтер және басқалары болды. Қазан университетінің медицина факультетін бітірген М. Қарабаев көп жылдар бойы Солтүстік Қазақстан аумағында жұмыс істеді. Ол Қостанай уездік дәрігері қызметін атқарды. 1907 жылы Торғай облысының Ырғыз уезінде жұқпалы бөртпе сүзек ауруына қарсы жүргізілген күресті басқарды.

Х. Досмұхамедов Санкт-Петербургтегі әскери-медицина академиясын бітіріп, денсаулық сақтау саласында ұзақ жылдар бойы еңбек етті. Ол Орал облысының Темір уезінде дәрігер болып істеді. Жалпыұлттық «Қазақ» газетінің бетінде оның «Аурусырқаулар жөнінде», «Жұқпалы ауру түрлері» сияқты тағы басқа да бірқатар [мақалалары](#) жарияланды.



Қазақ Қазақ жерінде ғұлама ғалым, емші
Өтейбойдақ Тілеуқабылұлы Қазақ
жерінде ғұлама ғалым, емші
Өтейбойдақ Тілеуқабылұлы шешек
ауруларына қарсы вакцина егуді
осыдан 500 жыл бұрын пайдаланған.
Ал Шығыс Азия елдерінде алапес
ауруларының жұқпалы
екенін біліп, ондай науқастарды
оқшаулап, арнайы “алапес үйіне”
қамаған.

Ертедегі Римде өлікті қала ішіне
жерлеуге рұқсат етілмеген. Жұқпалы
ауруларды тірі қоздырғыштар
тудыратыны туралы алғаш рет

Гиппократтың

еңбектерінде айтылған.



А. Сейітов Томск университетінің медицина факультетін бітіріп, әуелі Омбы Асылбек Сейітов қаласында, одан соң Баянауыл мен Семейде жұмыс істеді. Семей облысында жұқпалы ауруларға қарсы жүргізілген шараларды басқарды. Оның медицина саласында жазылған мақалалары әлі күнге дейін ғылыми-практикалық маңызын жоғалтқан жоқ.



Эпидемиология саласында көрнекті ғалымдар С. Әміреев, І. Құдайбергелулы Х.Ж. Жұматов С. Әміреев, І. Құдайбергелулы Х.Ж. Жұматов, И.Қарағұлов С. Әміреев, І. Құдайбергелулы Х.Ж. Жұматов, И. Қарағұлов, Н.Д. Беклемишов С. Әміреев, І. Құдайбергелулы Х.Ж. Жұматов, И.Қарағұлов, Н.Д. Беклемишов, М.А. Айқымбаев С. Әміреев, І. Құдайбергелулы Х.Ж. Жұматов, И.Қарағұлов, Н.Д. Беклемишов, М.А. Айқымбаев, І.А. Макиров С. Әміреев, І. Құдайбергелулы Х.Ж. Жұматов, И. Қарағұлов, Н.Д. Беклемишов, М.А. Айқымбаев, І.А. Макиров, Н.И. Киреев С. Әміреев, І. Құдайбергелулы Х.Ж. Жұматов, И.



Қазақстанда 1925 ж. Қызылорда бактериологиялық лаборатория ашылды. 1940 ж. осы лабораторияның негізінде [Алматы](#) Қазақстанда 1925 ж. Қызылорда бактериологиялық лаборатория ашылды. 1940 ж. осы лабораторияның негізінде Алматы қаласында Эпидемиология және микробиология ғылыми зерттеу институты (қазіргі Гигиена және эпидемиология ғылыми-зерттеу орталығы) ашылып, республикада Эпидемиология саласындағы зерттеулер қолға алынды. Сондай-ақ Эпидемиология мәселелерімен [Қазақ](#) карантиндік және зооноздық инфекциялар ғылыми орталығы, республикадағы медициналық университеттер мен академиялардың кафедралары, санитарлық эпидемиологиялық стансадар шұғылданады.



Жиырманасыншы жылдардың басындағы эпидемиямен және ашаршылықтың салдарымен күресе жүріп, республикадағы санитарлық қызмет әрі қарай дами бастады. 1927 жылы санитарлық мекемелерде дәрігерлік лауазымдардың нормативтері белгіленді, сонымен қатар, санитарлық органдардың қызметі мен құқықтары кеңейтілді.

Атап айтқанда, суды, ауаны, топырақты, елді мекендерді, тұрғын үйлерді, көпшілікке арналған орындарды санитарлық қорғау, тағамдық азықтардың және басқалардың сапасын тексеру соларға жүктелді. Ақтөбе, Сырдария губернияларында, сонымен бірге, Қарақалпақ автономиялық облысында және Адай уезінде санитарлық-эпидемиологиялық бөлімнің бөлімшелері ұйымдастырылды.

1921 жылы 20 мамырда бірінші Бүкіл қырғыздық (қазақ) денсаулық сақтау қайраткерлері кеңесінің шешімімен Республиканың денсаулық сақтау Халық комиссариатының құрылымына бірінші рет санитарлық-эпидемиологиялық бөлім енгізілді.



- Оның құрамына 4 бөлімшелер: санитарлық, эпидемиялық, санитарлық-статистикалық және медициналық-санитарлық ағарту бөлімшелері кірді. Республикадағы барлық санитарлық-эпидемияға қарсы шараларды жалпы басқару санитарлық-эпидемиологиялық бөлімге жүктелді. Санитарлық-эпидемиологиялық бөлімнің бірінші меңгерушісі болып дәрігер Ю.Я. Геращенко тағайындалды, ал 1923 жылы оның орнына М.М. Чумбалов тұрды.

1921 жылдары бүкіл республикада тек 22 санитарлық дәрігер және 3 санитарлық-бактериологиялық зертхана — Орынборда, Ақмолада, Орал қалаларында болды. Губернияларда дезинфекциялық жұмыстар нашар жүргізілді. Дезинфекциялық камералар және дезинфекциялаушы заттар жетіспеді.



Губерниялық атқару комитеттері және губерниялық революциялық комитеттері жанынан ауыр эпидемиялық жағдайға байланысты, өте жұқпалы аурулардың эпидемиясымен күресуге арналған, республиканың барлық күштері мен құралдарын жұмылдырған, төтенше санитарлық комиссиялар құрылды.

1932-1933 жж. республиканың қайтадан ашаршылыққа ұшырауы аса жұқпалы аурулармен аурушандықтың жаңадан төтенше өсуіне себеп болды. Олармен күресу үшін 100 аса медициналық бригадалар жұмылдырылды, жаңа дезинфекциялық пункттер, моншалар, биттерді жоятын орындар, жұқпалы аурулар ауруханалары ашылды, іш сүзегіне, шешекке, дифтерияға, скарлатинаға қарсы жаппай вакцина егу жүргізілді.

Осы аталған шараларды жүргізгеннен кейін, 1940 жылға қарай шешек, тырысқақ, оба аурулары жойылды, дизентерия, іш сүзегі, бөртпе сүзегі, малярия мен аурушандық та, елеулі дәрежеде төмендеді. Осы жылдарда туберкулезбен, жыныстық қатынастан жұғатын аурулармен (мерезбен зақымдануы 12% жететін), трахомамен ауқымды күрес жүргізілді.

Эпидемиялар болдырмау үшін үлкен күш салынды. Осы ауыр кезеңде КСРО Денсаулық сақтау халық комиссариатының бұйрығымен 1943 жылы Қазақ мемлекеттік медицина институтында (ҚазММИ) санитарлық-гигиеналық факультет ашылды. Оның алдына соғыс уақытында және соғыс аяқталғаннан кейінгі жақын кезеңдерде отанды санитарлық қорғау үшін жоғары мамандандырылған эпидемиологтар мен санитарлық дәрігерлерді дайындау міндеті қойылды.



1944 жылы шілде айында республикада Тропикалық аурулар институты ашылады, ол 1945 жылы Өлкелік патология институты деп аты өзгертіледі және өлкелік медициналық мәселелерді жете зерттейтін Қазақ КСР Ғылым академиясының негізгі ғылыми-зерттеу орталығы болды.



Санитарлық-эпидемиологиялық қызметке кіретін ұйымдар мыналар:

- республикалық санитарлық-эпидемиологиялық бекет;**
- мемлекеттік шекарада, территорияда, көлікте санитарлық-эпидемиологиялық сараптаманы іске асыратын мемлекеттік ұйымдар;**
- республикалық ғылыми-зерттеу ұйымдары;**
- Жұқпалы ауруларға қарсы мемлекеттік мекемелер;**

1953 жылдың басына қарай республикадағы санэпидмекемелердің саны 276 -ға, оның ішінде қалалар мен аудандарда – 264-ке, облыс орталықтарында – 11-ге жетті. 1952 жылы Алматы қаласында Республикалық СЭС ашылды. Бірақ, зертханалар СЭС -тердің бәрінде де емес, кейбіреулерінде ғана болды, ал аудандық СЭС штаттарында, тек бір ғана санитарлық дәрігерден болды.

Қорытынды

Сонымен қорытындылай келе жұқпалы аурулар жөніндегі ілімнің Қазақстанда дамыған кезеңі ХІХ-ХХ ғасырдың соңы болып табылады. Соғыстан кейінгі бірінші жылдарда санэпидқызметтің ең басты бағыттарының бірі белсенді эпидемияға қарсы жұмысы болды. Нәтижесінде бөртпе сүзегімен, іш сүзегімен, дизентериямен аурушаңдық төмендеді, оңтүстік аудандарда пайда болған тырысқақ ауруының таралуына жол берілмеді. 50-ші жылдардың басында елдегі санитарлық-эпидемияға қарсы қызметті қайта ұйымдастыру жүргізілді.

Пайдаланылған әдебиеттер

- Покровский В.И., Пак С.Г., Брико Н.И., Данилкин Б.К. болезни и эпидемиология. “ГОАТЕР-Медиа” 2007 г.
- Тимченко “Инфекционные болезни: учебник для мед.вузов 2006г.
- Шувалова Е.П. “Инфекционные болезни” 2005 г.
- Сейдуллаева Л.Б. “Тропические инфекции” учеб. пособие 2007г.
- www.google.kz